


Біздің кітапхананың құрылысы:


1. Абонемент
2. Оқу залы
3. Кітап қоймасы

Абонемент бөлімі




Оқу залы





## Кітап қоймасы





### Кітапханада өткізілген іс шаралар



<https://www.instagram.com/p/DCic53gieUE/?igsh=MWNjMjlibWo3NmVyZQ==>

Мақсаты: 15.11.2024 ж. Білім алушыларға Тұрар Рысқұловтың өмірбаяны арқылы оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеу.

Гимназия кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мемлекет қайраткері, саяси тұлға Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл толуына орай, дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



<https://www.instagram.com/p/DDY711riD17/?igsh=bXlvb3RhYmE4eTVi>

Мақсаты: Ұлы тұлғалардың өмірбаяны мен еңбектерімен таныстыру. Оларды өз бетінше ізденіп, оқып-үйренуіне дағдыландыру, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, патриотизмге тәрбиелеу, қазақ елінің тарихын, мәдениетін құрметтеуге баулу.

«Оқуға құштар мектеп» аясында ағымдағы жылдың 09 желтоқсанында гимназия кітапханасында кітапханашысы М.Бейсебекова мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Тоқтасынның қатысуымен 6 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.

Қазақтың «Үш бәйтерегі» атанып кеткен - Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров секілді ұлы тұлғаларымызға туғанына -130 жыл толуына байланысты ұйымдастырылды.





<https://www.instagram.com/share/p/BBfLu1RFdz>

Тәуелсіздік күні. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне орай «Тәуелсіздік -тұғырым» атты көрме ұйымдастырылып, оқу марафоны өтті.

Мақсаты: Желтоқсан оқиғасы арқылы жүздеген жылдар бойы бабаларымыздың армандаған егемендігіне қол жеткізуіміз қиын жолмен келгенін ұғындыру, білім алушылардың дүние танымын кеңейту. Отанды сүйуге, құрметтеуге, әділеттілікке, ел мен жерін қадір-қасиетін ұғынуға тәрбиелеу.

2023 - 2024 оқу жылы



25 - қазан Республика күніне орай «Рәміздер-мақтанышым» тақырыбында, 6 сынып оқушылары «20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз» атты кітап оқу акциясы аясында кітапханада эссе жазды.



<https://www.instagram.com/p/CzeaQp1CnND/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына - 30 кітап» рухани акциясы аясында Абайдың асыл мұрасын насихаттау мақсатында Ұлы Абайдың 178 - жылдығына орай «Абай - ұлы тұлға» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге 6«б» сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Г.Ш.Мурзатаева қатысты.

Қазақстанның халық жазушысы, драматург, алғашқы кәсіби қазақ театр сыншысы, аудармашы «Қалтай Мұхамеджанұлының -95» жылдығына арналған танымдық сағат ұйымдастырылды. Шараға 6 сынып оқушылары қатысты.





<https://www.instagram.com/p/C2RSSFYCh-R/?igsh=ZDVkZjExOWEzcDBr>

Қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, әйгілі график-суретшісінің өнерге өлшеусіз үлес қосқан суретші екендігін жас ұрпаққа жеткізе білу мақсатында кітапханада қазақтың танымал суретшісі Әбілхан Қастеевтің туғанына - 120 жылдығына орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көрме ұйымдастырылып, өмірбаяны мен шығармашылығына библиографиялық шолу жасалды. Өткізілген іс-шараға 5,8 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері қатысты.



Гимназия кітапханасында 1 наурыз - Алғыс айту күніне арналған «Қазақ еліне мың алғыс!» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. 5«Ә», 5«А», 5«В», 6«Г» сынып оқушылары қатысты.

<https://www.instagram.com/p/C398uQpi3w9/?igsh=M2hkazAzcWZnbms=>




[https://www.instagram.com/p/C10\\_LwgCFqr/?igsh=YnBtMmU3d2owNnJh](https://www.instagram.com/p/C10_LwgCFqr/?igsh=YnBtMmU3d2owNnJh)



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Сиқырлы кітап» тақырыбында шығарманы талқылау 5«А» сынып оқушыларымен өткізілді. Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» кітабын оқып, оны талқылауға оқушылар белсенді түрде қатысты. Оларға кітап кейіпкерлері туралы айту қызықты да әсерлі болды. Сонымен қатар көктемгі демалыс кезінде «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджінде бекітілген көркем шығарма «Менің атым Қожа» кітабын оқу жалғастырылды.

<https://www.instagram.com/p/C5N9dFkC3wk/?igsh=MWc1YmYzNHk4dWR6dw>





18.10.2022 жылы Мұрат Әуезовтің 80 жылдығына арналған іс-шаралар барысында кітапхана меңгерушісі Қуандық Алтынай Қуандыққызы мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алдибаева Әсел Окенқызының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізілді.



Наурыз айында кітапхана меңгерушісі А.Қ.Қуандықтың ұйымдастыруымен “Қазақтың салт-дәстүрлері ұлттық құндылық” тақыбында кітап және сурет көрмесі өткізілді





Қуандық Алтынай Қуандыққызының ұйымдастыруымен көктемгі демалыс кезінде 5-9 сынып оқушылары арасында «Әлем әдебиетін бірге оқимыз!» атты іс-шарасы өткізілді. Кітапханашы көктемгі демалыс уақытында білім алушыларға әлемдік әдебиеттер мен қазақ әдебиеттері шығармаларын оқуға кеңес берді.